

УДК 351.72; 349:336.5

А.Б. Омарова, Б. Султанов

з.ғ.к., доцент, заң факультеті, әль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
магистрант, заң факультеті, әль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: omar_17@mail.ru

Қызметтік туындыны анықтаудың және пайдалануының азаматтық-құқықтық аспектілері

Мақалада қызметтік туынды ұғымына жалпы сипаттама берілді. Қызметтік туындыға авторлық құқықтардың пайда болу, қызметтік туындыны пайдалануының ерекшеліктері көрсетілген және осы саладағы түйіткілді мәселелерді оңтайлы шешу жолдары қамтылды.

Түйін сөздер: зияткерлік меншік, авторлық құқық, туынды, қызметтік туынды.

A. Omarova, B. Sultanov

Civil legal aspects of the definition and use of the service work

This article describes the general concept of service work and major issues relating to this grown and the way to solve. The article shows the features of copyright, use of office products

Keywords: intellectual property, copyright, work, farm work.

А.Б. Омарова, Б. Султанов

Гражданско-правовые аспекты определения и использования служебных произведений

В данной статье рассматривается общее понятие служебного произведения. В статье показаны особенности возникновения авторских прав, использования служебных произведений, а также основные проблемы касающиеся этой сферы и возможные пути их решения.

Ключевые слова: интеллектуальная собственность, авторское право, произведение, служебное произведение.

Көптеген қызметкерлер өздерінің еңбек қызметтерін атқару барысында, интеллектуалдық меншік құқығының объектісі болып табылатын – әдеби және өзге де көркем шығармалар, ғылыми жаңалықтар, ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар және т.б. өнімдерді жасап шығарады. Егер бұл объектілер қандай да бір пайда әкелетін болса (пайда әкелмесе де) онда, бұларға деген авторлық құқық кімге тиесілі деген заңды сұрақ туындайды – қызметкерге ме, әлде жұмыс берушіге ме? Сұрақтың шешімін тауып көрейік.

Қызметтік туынды дегеніміз не?

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар» туралы заңның 14-ші бабының 1-тармағына сәйкес қызметтік туынды дегеніміз – қызмет бабында міндеттерді немесе жұмыс берушінің

қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалған туынды болып табылады [1].

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар» туралы заңның 7-бабында қызметтік туынды болып табылатын өнімдердің тізбесі көрсетілген:

- әдеби туындылар;
- драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
- сценарий туындылары;
- хореография және пантомима туындылары;
- мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар;
- дыбыс-бейнежазу туындылары;
- кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары және т.б. [2].

Қызметтік туындының авторы (тең авторы) ретінде қызметкер табылады, өйткені ол өзінің шығармашылық еңбегінің нәтижесінде туынды жасап шығарды. Айта кететіні туындыны жасау барысында (материалдар жинау, графика және схема сызу және т.б.) көмектескен техникалық қызметкерлер автор ретінде танылмайды.

Қызметтік туындының негізгі белгісі ретінде қызметкер (автор) мен жұмыс берушінің арасында пайда болған еңбек қатынасын айтуға болады. Бұл қатынастар қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалған еңбек шартының негізінде пайда болады.

Еңбек қатынастарының тиісті үлгіде рәсімделмеуінің салдарынан дау тууы мүмкін, дегенмен де ҚР ЕК 38-бабының 3-тармағында жұмыс берушінің кінәсінен еңбек шарты болмаған немесе тиісті үлгіде рәсімделмеген жағдайда еңбек қатынастары қызметкер жұмысқа кіріскен күннен бастап туындайды деп есептеледі делінген [3].

Мұндай жағдайларда соттың, дұрыс рәсімделмеген еңбек шартын азаматтық шарт деп тануы қауіптілігі бар, бұның салдары тараптар үшін басқаша болуы бек мүмкін. Жұмыс беруші интеллектуалдық объектіні пайдаланудан түскен пайданы иеленуі үшін еңбек шартынан бөлек, яғни автор қызметкердің шынымен де осы мекемеде қызметкер болғанын оның, ішкі еңбек ережелерімен танысып оған бағынғаны туралы, жалақысы және сыйлықақыларды алғаны туралы қосымша ретінде локальды нормативтік актілермен дәлелдеуі қажет.

Бұлар не үшін қажет? Өйткені туындыға айрықша құқық, тек автор – жеке тұлғаға тиесілі және басқа тұлғаларға бұл құқықты тегін немесе үлкен ақша сомасына тек автор ғана бере алады. Сондықтан мұндай келеңсіздіктің орны алмауы үшін еңбек шартында алдын ала көрсетілгені жақсы. Ескеретініміз, еңбек шартында қызметкердің туындыларына құқық иеленушілік жұмыс берушіде болады деп арнайы белгілеп жатудың пайдасы шамалы. Қызметтік туындыға айрықша құқық заңға сәйкес жұмыс берушіде болады, егер еңбек немесе өзге де шартта өзгеше көзделмесе.

Еңбек шарты мен қызметтік туынды.

Интеллектуалдық меншік объектісін жасап шығарған қызметкер мен жұмыс берушінің арасында еңбек шарты алдын ала жасалды делік. Оның мазмұнына қарайық.

Жасалған туынды қызметтік туынды сипатына ие болуы үшін оның жасалу барысы қызметкердің еңбек бабымен тікелей байланысты болуы қажет. Егер де туынды қызметкердің еңбек бабымен байланысты болмаған жағдайды ол қызметтік туынды болып саналмайды.

Осылайша еңбек шартында қызметкердің жасалатын туындымен тікелей байланыстыруға болатын еңбек міндеттері көрсетілуі керек. Яғни, ЭЕМ бағдарламасын жасаушы қызметкердің ЭЕМ-ге арналған бағдарламаны жасауында қызметтік туындының белгілері айқын бар. Егер де бұл бағдарламаны сату бөлімінің менеджері жасап шығарған болса бұл бағдарламаға қатысты барлық айрықша құқықтар мұны жасаған қызметкерде ғана болады. Бұдан бөлек, қызметтік туындымен байланысты қызметкердің міндеттері лауызымдық нұсқаулықта, бұйрықта, қызметтік жазбада және басқа да мекеменің локальды құжаттарында көрсетілуі мүмкін.

Біз жоғарыда туындының авторы болған менеджерді айтқан болатынбыз. Оның туындысы, егер ол оны жұмыс орнында, жұмыс уақытында және жұмыс берушінің материалдарынан жасаған болса да, қызметтік туынды болып табылмайды. Мұндай жағдайда тараптар арасында дау тууы мүмкін, бірақ та туынды қызметкердің жеке меншігі болып қала береді.

Осы тұрғыда Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 11 Нормативтік қаулысында «егер туынды қызметкердің қызмет бабындағы міндеттерін орындау, жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалса, онда автордың мүліктік емес жеке құқығын қызметкер иеленеді. Егер туынды жұмыс уақытында жасалса немесе жұмыс берушінің мүлкі қолданылып жасалса, бірақ осы тармақта көрсетілген белгілерге сәйкес келмесе, онда ол қызметтік болып саналмайды» делінген [4]. Егер де қызметкер жұмыс орнында үстеме уақытқа жұмыс берушінің тапсырмасымен қалған болса ол бөлек. Ал егер ол өз еркімен жұмыс орнында қалып жұмыс берушінің жабдықтарын пайдалана отырып қандай да бір туынды жасап шығарса онда ол өзінің жеке меншігі болып саналады және қызметтік туынды болып танылмайды.

Мысалы: коммерциалық фирма территориясын күзететін күзетші жұмыс уақытысында фирманың оргтехникасы мен қағазын пайдалана отырып фирманың өмірі туралы кітап жазып шықты. Сұрақ? Туындыға деген айрықша құқық кімге тиесілі.

Әрине бұл құқық күзетшіге тиесілі. Мұндай жағдайда жұмыс беруші қызметкерді территорияны күзетуде еңбек міндеттемесін дұрыс орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартуы мүмкін немесе мақсатсыз жұмсалған қағаздардың орнын толтыруға байланысты материалдық жауаптылыққа тартуы мүмкін.

Қызметтік туынды авторының (жұмыс беруші және қызметкердің) құқықтары.

Қызметтік туындының авторы ретінде қызметкер келесідей жеке мүліктік емес құқықтарға ие:

- авторлық құқық;
- автордың атқа ие болу құқығы;
- туындығы қол сұқпаушылыққа құқық;
- туындыны жариялауға деген құқық.

Туындыға қатысты жеке мүліктік емес құқықтар айрықша құқықтарды үшінші тұлғаларға бергеннің өзінде қызметкерде сақталып қалады. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес автордың немесе өзге құқық иеленушінің туындыны пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алуға құқығы бар, оның мөлшері мен есептелу тәртібі авторлық шартпен, сондай-ақ авторлардың мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйымдармен жасасатын шарттармен белгіленеді. Дау туған жағдайда сот арқылы және шартта белгіленбесе Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген авторлық сыйақының ең төменгі ставкасына сай шешіледі [1].

Жұмыс берушінің құқықтары келесідей:

- туындыны өз қалауы бойынша пайдалануға және басқа тұлғаларға оны пайдалануға, яғни туындыны орындауға, таратуға, жариялауға, импорттауға, прокатқа беруге рұқсат беру не тыйым салу және т.б.;

- өзіне тиесілі айрықша құқыққа билік етуге (бұл құқықты басқа біреуге келісім шарт немесе лицензиялық шарт арқылы пайдалану құқығын беруге болады)

Және де қызметтік туынды кез келген жағдайда пайдаланылса, жұмыс беруші өз атауын көрсетуге немесе солай көрсетілуін талап етуге құқылы.

Өзге де «шығармашылық» келісім шарттар

Бұл мақалада біз негізінен еңбек шартына байланысты мәселелерді қарастырдық. Алайда интеллектуалдық меншікті жасауға қатысты шарт жасасудың басқа да, яғни мердігерлік және қызмет көрсету барысындағы шарттар сияқты түрлері кездеседі.

Алғашқысымен жеке тұрғын үйлерді салу барысында соқтығысуға болады. Айталық айналада ешкімде жоқ болған жеке тұрғын үйдің эскизіне мердігер компанияға тапсырыс беріліп ол жасалды. Әрине, тәжірибеде еңбек шартымен салыстырғанда құрылыс мердігерлігінің шартының мазмұнында құрылыстың эскизі, жоспары және басқа да құрылысқа қатысты шығындары қарастырылады.

Авторлық құқық кімге тиесілі – тапсырыс берушіге, құрылыс компаниясына немесе компанияның нақты дизайнеріне ме? Осы тұста эскизге деген айрықша құқық кімге тиесілі екенін шартта нақты түрде ескергеніміз абзал.

Осыған ұқсас жағдай қызмет көрсету шарты: кім және қаншаға айрықша құқыққа ие болады – қызметкер-орындаушы, фирма-орындаушы немесе тапсырыс беруші? Осындай келеңсіздіктерге тап болмау үшін қызметкер жұмысқа орналасарда жұмыс берушімін өзінің қызметін нақты айқындап алуы керек және оны шартта белгілеу қажет.

Осы тұрғыда интеллектуалдық меншік аясында туындаған дауларды шешудің ең тиімді тәсілі ретінде медиация институтын атап айтсақ болады. Тәуелсіз медиаторларды қандай да бір туындаған дауларды тиімді түрде шешуге шақыратын болсақ біршама нәрсені үнемдейміз. Біріншіден – уақыт, екіншіден – нақты жеңіс, үшіншіден – достастықпен тарау, төртіншіден – адамгершілік тұрғыда шешім қабылдау, бесіншіден – қаражатты үнемдеу. Соттасу арқылы осы айтылған тиімділіктен айырыламыз және шешімнің нақты қандай болатынын болжай алмаймыз. Медиация қазіргі таңда елімізде қарқынды түрде дамып келеді және оның дамуына мемлекет тарапынан қолдау білдірілуде.

Қорытындылай келе қызметтік туындыға байланысты кейбір мәселелер заңнамалық тұрғыдан шешімін таппағанын байқадық, мысалы қызметкер жұмыс берушінің бұйрығы бойынша қызметтік туынды жасап шығарады, бірақ жұмыс беруші бұл туындыға қатысты ешқандай әрекеттер жасамады делік. Арада жылдар өтті қызметтік

туындыны жұмыс беруші сол күйі пайдаланбады айрықша құқық кімде пайда болады? Ресей заңнамасында бұл мәселе шешімін тапқан, яғни

3 жыл ішінде жұмыс берушінің билігіне берілген қызметтік туындыны пайдаланылмаса туындыға деген айрықша құқық қызметкерге өтеді [5].

Әдебиеттер

1. Право интеллектуальной собственности в Республике Казахстан: вопросы и ответы / КAUDЫРОВ Т.Е. – Алматы : Жеті жарғы, 1999.
2. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы;
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 Еңбек кодексі;
4. Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заң нормаларын қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы N 11 Нормативтік қаулысы;
5. Ресей Федерациясының Азаматтық Кодексі // <http://www.zakonrf.info/gk/1295/>

References

1. Intellectual property rights in the Republic of Kazakhstan : Questions and Answers / TE Kaudyrov – Almaty Zheti zhargy, 1999;
2. Avtorlyқ құқық және sabaktas құқықтар turaly Kazakhstan Respublikasynуң 1996 zhylғы mausymdaғы 10 N 6 -I Zaңy;
3. Kazakhstan Respublikasynуң 2007 zhylғы мамыrdaғы 15 N 251 Yenbek kodeksi;
4. Sottardуң avtorlyқ құқық және sabaktas құқықтарды қорғау жhөніндегі кейbir Zan normalaryn қoldanuy turaly Kazakhstan Respublikasy Zhoғарғы Sotynуң zhylғы 2007 25 11 N zheltoksandағы Normativtik қаulyсы;
5. Resey Federatsiyasynуң Azamattyқ Kodeksi // <http://www.zakonrf.info/gk/1295/>.